



Шәмшиябану Қанышқызы
С Ә Т Б А Е В А

БЕС ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ

РЕДКОЛЛЕГИЯ:

Қасқабасова С.А.

Елеукенов Ш.Р.

Салықов К.

Батырбеков О.

Мамраев Б.Б. – жауапты редактор

Тілепов Ж.

Маданова М.

Ананьева С.

Қорабай С.

Шәмшиябану Қанышқызы
СӘТБАЕВА

V ТОМ

УАҚЫТ ШУАҒЫ

ШАКАРИМ КУДАЙБЕРДИЕВ

«ЕЛОРДА»
АСТАНА – 2013

УДК 821.512.122

ББК 83.3 Қаз 7

С 28

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

СӘТБАЕВА Ш.Қ. «Уақыт шуағы. Шакарим Құдайбердиев.»
С 28 Бес томдық шығармалар жинағы. V том. Қазақ және орыс
тілдерінде. /Б.Мамраев/ – Астана: Елорда, 2013 – 480 бет.

ISBN 9965-06-482-2

Құрастырған: **Б.Мамраев**

Белгілі әдебиеттанушы-ғалым Шәмшиябану Қанышқызы Сәтбаеваның бұл кітабына әр жылдарда баспасөз бетінде жарық көрген әдебиет тарихы мен теориясының келелі мәселелерін қарастырған мақалалары мен зерттеулері енді. Жинақта әлем халықтарының рухани байланысының, сабақтастығының алтын арқауы болып табылатын әдебиеттің сан қырлы өзекті жайлары да ғылыми зерделенген.

Еңбек әдебиет зерттеушілеріне, студенттерге, көпшілік оқырмандарға арналған.

УДК 821.512.122

ББК 83.3 Қаз 7

ISBN 9965-06-482-2

© Сәтбаева Ш. Қ., 2013

© «Елорда», 2013

С. СЕЙФУЛЛИН – ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ЖЫРШЫСЫ

Көркем әдебиеттің барлық жанрында баға жетпес мол мұра қалдырған Сәкен Сейфуллиннің жазушылық назарынан тыс қалған халық өмірінің бірде-бір саласы, арнасы жоқ. Шебер суретшінің палитра байлығын, творчестволық диапазонының өрістілігін, өнерпаздық арнасының молдығын сипаттайтын нағыз көркем шығармаларының дені елімізде социалистік құрылыс кезеңдерінің шындығын бейнелейді. Жаңа социалистік шындық тудырған мүлде тың, соны тақырыптарға, заманның ең бір көкейтесті мәселелеріне Сәкен Сейфуллин әрқашан дереу үн қосып, шебер менгеріп, жаңаша көркемдік шешімдер тауып отырды. Мұны ақынның қазақ әдебиеті үшін мүлде тың объектілер – өндірісті, жұмысшы табын жырлау үлгілерінен де көруге болады.

Сейфуллиннің ақындық шабытын тасытқан, үлкен жүрек күйін толғай, жанын тебіренткен өмір құбылыстарының бірі – туған елінде өндіріс ошақтарының тууы мен жаңа жұмысшы табының қалыптасып өсуі. Өзінің көркем шығармаларымен алғашқы рет «Жаңа адам баласының атасы – жұмысшы табын» (Горький) дүние жүзіне танытқан кемеңгер М.Горькийдің дәстүрінен үлгі ала отырып, Сейфуллин қазақ совет әдебиетінде жұмысшы табының өмірі мен күресін бірінші суреттеген пролетариат жыршысы болады.

Сүйсіне де шабыттана шығарған талай лирикалық өлеңдері мен поэмаларын, көлемді повесі «Жер қазғандарын» революционер-жазушы күрескер де жасампаз жұмысшы табына арнайды.

Сейфуллин творчасында бостандық үшін аянбай күрескен, шынжырлы тор мен қамау азабы қайыстыра алмаған тәкаппар, қайратты, асқақ өр мінезді, ізгі мақсатты революционер күрескерлердің образы айрықша ерекшеленетін болса, одан кейінгі жазушының сүйіп және өрбіте дамытып жырлағаны – еңбек адамы, жұмысшы образы десе болады.

Олай болуы заңды да еді, өйткені Сейфуллиннің ақындық дарынының, жазушылық талантының шарықтай өскен, жарқырай көрінген дәуірі революциялық күрес жеңіп, еліміз енді социализм құру жолындағы ерлік еңбек майданына жұмыла кіріскен дәуір болатын.

Бұл кездерде профессионал жазушы әрі қоғам қайраткері Сейфуллин социализм құру жолындағы ұлы оқиғалардың басықасында болып, халқымен бірге өз заманының тарихи жүгін көтерісіп, зор міндеттерін іске асырысты.

Кітаптарымыздың негізгі тақырыбы: жаңа адамды ұйымдастырушы социалистік еңбек және социалистік еңбекті ұйымдастырушы жаңа адам деген Горькийдің ғылыми қағидасын қазақ совет әдебиетінде жемісті негіздеуге Сейфуллин үлкен үлес қосты. Қазақ әдебиетінде жана еңбек өмірі жаңа тақырып болып меңгеріле бастағанда, Сейфуллин жұмысшылар жайын көбірек үңіле жырлады. Сейфуллин жас шағынан-ақ жұмысшылар ортасымен таныс болып, едәуір әсерлер алған-ды. Оқу-білім іздеп, шарқ ұрып жүрген болашақ жазушы 1905 жылы Успенск заводына барып, жұмысшы үйінде пәтерде тұрып, орыс мектебінде үш жыл оқу оқыды. Бұл жылдар Успенск мыс заводында француз капиталисі К.Э.Карноның жұмысшыларды аяусыз езіп, төзімсіз жағдайға жеткізген, осыған байланысты өндіріс жұмысшылары 1905 жылы «Орыс-қырғыз одағын» құрып, бірлескен күреске ұйымдаса бастаған жылдары болатын. Олар завод иесі Карноға петиция жазып, жалақыны молайту, жұмыс күнін азайту, орыс-қазақ мектебін ашу, жатақ орнын түзеу, завод дүкенінде сатылатын азық-түлік бағасын арзандату сияқты талаптармен жаппай забастовкаға шыққан-ды. «Орыс-қырғыз одағы», оның басшылары Әлімжан Байшігіров, Петр Топорнин, Ысқақ Қасқабаев ұйымдастырған забастовканы завод иесі, ауыл байлары болыстардың көмегімен аяусыз басады. Жұмысшылар бұрынғыдан да бетер күйзеліске түседі.

Өндіріс жұмысшыларының осындай бұрынғы ауыр халін, азабын, қорлығын, «өлшеген нан, қара суды» ас қылып, «өң жоқ, түс жоқ кепкен, солған, арыған, мұнды күндерін» жазушы кейін «Жұмыскерлерге», «Біз» өлеңдерінде аянышпен еске түсіреді, қарғыс айтады. Осындай аянышты халдегі «түсі суық, тәні шой-

ын жалаңаш» жұмыскердің «күшті қолын, болат жұмыр білегін», михнаттың майданында қан төккен күресін, қарсыласқан қайсарлығын мадақтай келіп, ақын енді осы бауырластарына теңдік туы тігіліп, бостандық таңы атқанына қуанады.

Мінекей енді тілеген
Қызыл күнге жеттік біз!
Әділдік, адал еңбекті
Тұрмысқа патша еттік біз!

Адал еңбекті тұрмыс патшасы, өмір тәңірісі ету дәл сол кездегі қазақ жұмыскерлерінің еңбек туралы ұғымында болуы мүмкін емес ғажайып жай сияқты көрінетін еді. Жазушы осы қарама-қарсы – контраст ұғымдар арқылы жұмысшы еңбегінің мүлде жаңа мазмұнға ие болғанын байымдап береді. Езу, қанау, қорлау, азап өмірден азатталған бауырластарының бүгінгі күнде қайраты тасқын судай, айбаты «күркіреген бұлтты аспандай», екпін күйі «асау тағы тұлпардай», серпугі «жас түлекті сұңқардай» болуға керек. Қарапайым халыққа ұғымды осы бір асқақ көркем теңеулер бостандық алған еңбекшілердің бойындағы сарқылмас күш-жігерді, тасыған қайратты едәуір-ақ сәулелейді.

Дүбірімен дүниені жаңғыртып, екпініне елді ергізген өндіріс дамуы, Қазақстанды индустрияландырудағы табыстар, жұмысшы табының жаңа қарқынды өмірі енді ақынның негізгі тақырыптарының біріне айналады.

Кеше ғана революциялық күрестер сындарынан сүрінбей өткен жалынды жас ақын өмірге енген сан алуан өндірістік-техникалық жаңалықтарды қырағы көзі тез шалып, оны сол жылдардағы өлеңдеріне тән революцияшыл екпінмен, асқақ көтеріңкі романтикалық бейнелермен жырлайды. Сейфуллинге тән өмірге қызу араласу, тіршілік мазмұнын белсенді күрес пен жемісті еңбектен табу сияқты ерекшеліктері осы жылдары аса айқындала түсті. Еліміздегі әрбір жаңалықты ақын өз революциясының заңды жалғасы, жемісті жеңісі деп қарайды, алға адымдаудың зәредейін де көз ұшынан таса ете алмайды, оған өзі қатынасын, қуанышын айқын білдірмей, қалың жұртқа сол жаңалықтың мәнін поэзия тілімен жеткізе ашпай қала алмайды.

Бұлай етпейінше енді ғана туған жас совет поэзиясын нығайтып, идеялық тазалығын сақтау мүмкін емес еді. Ал туған әдебиетіне жаны ашыр жазушы бұл зор міндеттен өзін тыс қалдырмақ емес. Революция жеңуінің алғашқы жылдарында, пролетариат әдебиетінің тағдыры үшін толып жатқан жат ағымдармен шиеленіскен тартыс жағдайында Сәкен Сейфуллин өндіріс тақырыбын идеялық саяси күрес мүдделеріне бағындыра жырлады. «Жұмыскерлерге», «Қара айғыр», «Біз», «Аспанда», өлеңдерімен қатар ескішіл, байшыл, ұлтшыл ақындарды өлтіре сықақтайтын «Ендігі ақынның сандырағы», «Ұлтшылдық сандырағы» сияқты сатиралардың дәл 1921 жылы тууының өзі тіпті кездейсоқ емес еді.

Жаңаның бәріне үрке қарап үрейлене түңілген керітартпа ақындар мен көпшілік назарын өндірістік шаруашылық зор міндеттерден бұрып әкету әрекетіндегі ұлтшыларды жаңа социалистік мазмұндағы шығармалармен әшкерелеу қажет болды.

«Аспанда» өлеңінің басталуының өзі-ақ жер-дүниені толқытқан, «талай тақты төңкеріп, иелерін қорқытқан», астан-кестен гүлеген дауыл күн аэропланның самғай ұшуы өршіл жана өмірдің туғанын, алысқа құлаш сермеген қарқынын бейнелей келеді.

Революция жаулары жыланша жылжып жасырынып, қорғалауға мәжбүр болғанда, жаңа өмір ерлері аспанға ұшып, дауылмен ойнап «бұлттан асып», «Қызыл күнге қол созып» бүкіл әлемге теңдік пен әділеттің, еңбек пен ерліктің ұранын таратып, әсем ән мен шаттық күйін шертеді. Еңбек адамы мінген аэропланның зырылы, моторының күдіреті, күші шексіз аспан әлемін, шатырлаған нажағайды, зуылдаған желді, түйілген бұлтты, «қабақтарын қар басқан» ызғарлы тәкаппар тауларды сескендіре серпіп, қошаметпен бас игізеді. «Көктегі сансыз сәулені қара жерге игізеді». Аэропланның өзі «көк болат темір қанатты», «тайдан ұшқан қырандай», «қазіргі шын самұрық» деп халыққа ұғымды байырғы теңеу эпитеттермен сипатталып келеді де, өлеңнің ішкі логикасының, асқақ өктем ойының ыңғайына бағынып, жаңа өмірдің романтикалық, екпінді өршіл бейнесіне айналады.

«Қара айғыр» өлеңінде дүниені «жаңғырту үшін келген паровозды, оны жасаған жұмысшы маманды ақын шынайы шабытпен, «көкірек кере қуанған» шаттық сезіммен жырлайды.

Мұнда антропоморфизм (жансызды жанды етіп суреттеу тәсілі) арқылы отарба қаһарынан қар жауған, дүбірі жер жарған, ұшқын, жалын, бу шашып күрсілдей, ырсылдай дем ала, көздері жайнап жарқыраған «құстай» ұшып ескен күшті алып қара айғыр, жүйрік тұлпар бейнесінде суреттелген.

Қазақ халқының бұрынғы өмірінде өндіріс айтарлықтай орын алмаған себепті оның образдық ойлау арсеналында қалыптасқан эпитет, теңеу, метафора, тропа, т.б. сол сияқты көркемдік құралдар жоқ еді. Сондықтан жаңа заманның техникалық табыстарын ауыз әдебиеті дәстүрімен, бұрын халық ардақтап әлпештеген бейнелермен сипаттауға тура келді. Аэропланды тау қыранына, самұрық құсқа, аспандағы аққуға, отарба-паровозды жүйрік тұлпарға, алып қара айғырға, шабысты Тайбұрылға бейнелеп суреттемеген бірде-бір қазақ ақыны жоқ деп айтса болады. Бірақ мұндай суреттеулер көбінесе ақындарымыздың кемшілігі, поэзиялық форманың жетілмегендігі ретінде біржақты үстірт каралып жүр. Сол көркем бейнелер техника түрлерінің сыр-сипатын халық ұғымына жақындата түсіруде өз кезінде едәуір қызмет атқарғанын айтпағанның өзінде тың тақырыпты меңгерудің қажеті де, бір мөлшер жемісті де сатысы сияқты еді. Сонымен қатар совет әдебиетінде индустрияландыру тақырыбының туу, даму тарихына белгілі бір кезеңде қазақ поэзиясының қосқан ұлттық образдық ерекшеліктерінің бірі деп те қаралуы керек. Бір тәуірі – ақындарымыз шындықты суреттеуде сол байырғы көркем бейнелермен шектеліп қалмай ізденушілікке бет алды.

Еліміздің тарихи өрлеу кезеңінде жұмысшы табының творчестволық жасампаздық күшін, еңбекпен өмірді сәндете сұлұландырған ерекше қасиетін алғашқы рет идеалдандыра, асқақтата жырлаған да ақын Сәкен болды.

Зәулім сәнді сарайларды, сансыз көп темір жолды салушы да, жер қыртысын қопарып, кен шығарушы да, шарықтаған самолетті, жайқалған кемеңі, зымыраған, отарба-паровозды жасап жүргізуші де, нелер күрделі әсем асыл бұйымдар істеуші де – алып шебер жұмыскерлер. Сондықтан да Сейфуллиннің «Жұмыскерлерге», «Аспанға», «Маржан», «Бұлшық ет», «Баспахана», «Тоқу фабригінде», «Қалаушылар жыры», т.б. өлеңдерінде біз «болат жұмыр білекті» шахтерді, даласынан қазақтың құс боп

ұшқан» батыр ұлан ұшқышы, «Машинаны күйлеткен, темірлерді билеткен» баспашыны, «қорғасыннан өрнек тізген, тасты ертіп жан кіргізген» әріп тізушіні, техниканың тетігіне жетік тоқымашыны, ыңғайлы әсем үй-жайлар салып жүрген ақжарқын құрылысшыны кездестіреміз. Қызық еңбектің әр түрінен сән мен ән тапқан шебер жұмысшылар өздерін жаңа бақытты тұрмыс жасаушылардың – «лек-лек ұлы әскердің бір тізбегі» санайды.

Әрине, бұлардың әрқайсысы ақын шығармаларында өзінің жекелік өмірімен, тағдырымен, іс-қызметі, мінез-құлқы ерекшеліктері мен ой-армандары, талап-тілектерімен кемелденген көркем образ дәрежесінде суреттелмеген. Әдебиетіміз қалыптасу дәуірінде – 20 жылдары едәуір етек алған өмір құбылысын жалпы сырттай тамашалау, жалаң үгітшілік, кейіпкердің ішкі дүниесіне үңілмеушілік сияқты кемшіліктер Сейфуллиннің де жұмысшылар туралы шығармаларында бар.

Республикамыздың өндірістік өрлеу бесжылдықтарында ғана әдебиетімізге келген жаңа герой – жұмысшының осы кезде әйгілі болған Мырқымбай, Теміртай, Қозыбақ сияқты тап-тұйнақтай кесек көркем образының жасала қоюы оңай да, мүмкін де емес еді. Сейфуллин жұмысшыларының әрқайсысы бір қасиетке ие болып, тұтас мүсін тұлға сияқтанады. Олар совет әдебиетінде жаңа заман адамдарын көрсетудің алғашқы тәжірибелері болатын. Олар – 30 жылдардың аяқ кезінде С.Ерубаев, Ә.Әбішев, Ғ.Мұстафин шығармаларында жасалған жұмысшы, инженер образдарының алғашқы эскиздері іспетті.

Сәкен Сейфуллин «Бұлшық ет» атты әсем де әсері күшті лирикасында жұмысшы еңбегін жоғары дәрежесінде жырламақ болады.

Токпақтай түйін бұлшық ет,
Әлемді күшке қаратқан.
Сан керемет машина,
Күшімен ол жаратқан.

Тоқтатпай күш жиырылып,
Қозғалса ойнап бұлтылдап.
Ширатылып түйіндей,
Жазылып жылдам жылпылдап.

Балғын билік балтырда,
Ширатылған түйіндей.
Бұлтылдаса бұлшық ет,
Кім тұрады сүйінбей...

Көк темір құрыш болатпен,
Асусыз асқар тау кешкен.
Тас қопарып, жер үңгіп,
Шыңырау қазып, жер тескен.

Аспанға ұшып, су кешіп,
Дүние айналып қыдырған.
Темірден құйып жол салып,
Жер қыртысын сыдырған.

Айғырдың тоқпақ жалындай,
Бөкеннің серке санындай.
Қайыңның қырған безіндей,
Шортанның жұмыр беліндей.

Ширатылып түйілген,
Болаттай күшпен иілген.
Бұлшық етті білек пен,
Балтырдан күшті дене жоқ!

Осы бір нәрлі, тартымды лирикалық шағын өлең нағыз өмір мазмұны – еңбекті сүйіп, еңбекте шыныққан, бойын күш-қуат, қайрат-жігер кернеген, жасампаз шебер жас жұмысшының шымыр сұлу тұлғасын оқушының көз алдына әкеледі.

Тыным таппай асқартаудан асып, шыңырау қазып, кен тауып, су кешіп, жол салып жүрген, тепсе темір үзер қажырлы қайратты жас жұмысшы – міне, бүгінгі күннің кейіпкері, геройы. Ол келіскен сұлу келбетімен де, сүйсіндірген ширақ қимылымен де, пайдалы мол ісімен де, «мені көр, мендей бол» деп тұрғандай көтеріңкі шаттық сезіммен әсемдене әсерленген.

Түйіндей ширатылған, қозғалса ойнап бұлтылдаған, болаттай күшпен иілген, керемет күшіне сүйсіндірген тоқпақтай

шын сұлу бұлшық ет құрылыс жылдарындағы уақыт белгісінің, жұмысшы еңбегінің табиғат әлеміне, адам өміріне сұлу көрік беруінің бейнесі секілді болып көрінеді. Жаңа қоғамның қажетіне жұмсалған шын сұлу еркін еңбек поэзиясы тілінің нелер нюанстарымен тамашаланады. Ақын көңілін толқытқан, жанып сүйсіндірген еркін еңбек қуанышы өлеңде тиісті көркем теңеу, баламаларын, ырғағын тапқан да қазақтың кәдуілгі сегіз буынды өлең түрі кемеліне жеткізілген.

Сейфуллиннің осы типтес өлеңдері сол кезде еңбек адамдарының жанын рахаттандырып, қуанышын қошеметтеп, өмірге деген қызығуын, ынтасын арттырып, келешекке қиялын қанаттандыра түскені, үлкен рухани жәрдем болғаны сөзсіз.

Әдебиетімізде еңбек тақырыбы әлі толық меңгерілмеген кезде «Бұлшық ет» сияқты идеялық-көркемдік сапасы жоғары, күшті лириканың тууы ақындарымыздың творчестволық мүмкіндіктерінің, шығарымпаздық қабілеттерінің молдығын аңғартты.

Совет өкіметінің орнағанына сегіз жыл толуына арнап шығарған «Советстан» поэмасы – Сейфуллиннің ақындық қуатын, күшін, новаторлық ерекшелігін айырықша әйгілей танытқан шынайы шығарма. Мұнда ақын совет халқының аз уақыт ішінде қолы жеткен зор табыстарын, социализмнің тоқтаусыз өрісті жолымен өрлеп келе жатқан жана совет елін аса бір қуаныш сезіммен шабыттана жырлайды. Поэмада өзін бақытты сезінген азаматың көтеріңкі өктем ой-сезімдерін, толғануларын, өмір құбылыстарына қатынасын білдіретін лирикалық беттер еліміздің алға басқан адымын аңғартатын эпикалық суреттеулермен астасқан.

Поэmanın лирикалық геройына бүгінгі шаттық өмірдің әрбір табысы, әрбір өрісі соншалықты жақын, ыстық әрі қымбат. Өйткені ол сол өмірдің, шындықтың тууын, өсуін, дамуын сырттай тамашалаушы емес, оны орнатушы, талай белестерін көппен бірге асысып, атқарысып жүрген белсенді күрескер, іскер құрылысшы сезінеді. Бұрын баптап, тұмарын кестелеп, әшекейлеп мінетін асау бәйге көкжорға тұлпар ақын аттанған ұзақ өрісті жолға қол емес, ендігі жүйрік – экспресс – зымыраған отарба, поезд.

Поэма басталуындағы тұлпар орнында – заулап, жүйткіп келе жатқан отарба – поезд осы жылдары қазақ даласының ежелгі тұрмыс-тұрғыларының өзгергенін, өсу қарқынын бейнелесе, сол

отарба келе жатқан ақынның тасыған көңілі, кеудесін кернеген сезімі, алға алып қашқан шарықтаған қиялы, «босқан елдей, тасқан селдей» түпсіз мұхит ой-арманы жаңа өмір жасаушының – еңбек адамының рухани дүниесі жаңарғанының, мол ізгі қасиеттерге иеленгенінің айғағы іспетті.

Советтік патриотизм идеясына толы осы поэмада еліміздің – Советстанның нағыз реалистік әрі романтикалық көркем образы аса бір ақындық шеберлікпен жасалған. «Советстан» – бірде жауыз патшаны отарбадан доңыздай ғып сұлата лақтырған ерен күш бейнесінде, бірде ескі азап дүние – беті басты жалмауызбен алысып, сансыз жауын қалтыратқан сегіз жасар айбынды арыстан бейнесінде, бірде жауыздықты ауыздықтаған айбарлы әділдік бейнесінде, адамзатқа құлаштап ашылған теңдік, бақыт есігі бейнесінде, бірде игілікті тілегі, махаббатты жүрегі, майданда білегі бір сан алуан рулы ел бойында масайраған айдын шалқар көл бейнесінде, бірде өрісті құрыш жолдан мүлт аумайтын қызыл жалын қаулатып алға зымыраған жүйрік экспресс-отарба бейнесінде жырланған.

Кең байтақ жері, сан рулы елі, таусылмайтын кені бар алып Отан Советстанның бүгінгі көрікті де айбынды тұлғасын ақын нақты көркем сурет арқылы оқушының көз алдына әкеледі де, оның осы сәулеттілігі мен ұлылығында өткен тарихтың – «Степан мен Пугачевтай» талай ержүрек күрескер батыр ұлдарының үлесі барлығын орынды мақтана еске алады. «Жауын қуған ерден туған» бүгін еркін өсер ер ұлан-жастар – комсомолдар, «балақан» пионерлер – міне, осыларға арналады поэманың «Советстан – ер ұлының бесігі» атты соңғы бөлімі. Советстанды байыта, маңыздандыра, сәулеттендіре, абыройландыра түсетін эне, лек-лек, жер жаңғырта өлеңдетіп, екпіндей нық жұп басып келе жатқан күшті білек, батыр жүрек жастар – комсомолдар деп түйеді ақын. Бойында күш пен қайрат, «ойнында көркем қимыл» толы осы жалт-жұлт нық басып, жарқ-жұрқ от шашып, жайрандаған бақытты жастарды ақын мазмұнды сұлу өмір сүруге, жемісті адал еңбекке, өнер-білімге жұмыла кірісуге шақырады.

... Тынбай үйрен, әуейлі боп мастанба,
Алға адымда, ешнәрседен жасқанба!

Лек-лек қапта,
Жұп-жұп атта!
Нық-нық тапта!
Ескілікті күл ғып ұшыр аспанға!
... Түсі керек
Ісі ерен.
Ұқсас көркем
Отарбаны біздің осы тұрмысқа!

«Советстан» поэмасында ақын бай өмір шындығын кең көлемде алып, социалистік реализм тұрғысында сипаттайды. «Батырлық іс батырлық сөзді керек етеді», – деп М.Горький айтқандай, осы жылдары батырлық іске толы өмір шындығы өзін дәл сипаттайтын батырлық образды, күшті көркем шығармаларды талап етті. Осы жиырмасыншы жылдардың орта кезінде өмір талабына сай бірқатар поэзиялық шығармалар тудырған Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов сынды жазушыларымыз социалистік реализм әдісін баурай меңгере бастағанын, ақындық шеберліктерін шындап, творчестволық ізденулерінің едәуір жемісті де болғанын байқатқан еді. «Советстан» поэмасында Сәкен Сейфуллин де өмір шындығын образдап түйіндеп суреттеуге жетілгендігін, поэзияда өзіндік үнін анықтауға бет ала бастағанын, бұл ретте Маяковский дәстүрін үлгі еткенін, ақындық новаторлық ерекшелігін айқындай түсті. Мұнда ақын түр мен мазмұн тұтастығын берік сақтай отырып, шынайы көркем сөздерді екшей пайдаланады, тың образдар жасайды. Шығармада өте әсерлі тұтас шыққан Советстан образын жасауда ақын ұлылық, күштілік, жеңімпаздық, сәулеттілік, даму туралы халық ұғымындағы нелер көркем образды баламаларды сарқа пайдаланады да, олар жеткізбек ойының, суреттемек объектісінің ішкі мазмұн, сыр-сипатын ашуға олқы екенін сезіп жаңа образ, тың бейне іздейді. Оны табады: игі өмірге ие болып масайраған халқымыздың ұлы Отаны, оның өсу қарқыны тоқтаусыз зымыраған жүйрік – экспресс-отарбаның екпініне ұқсатылып беріледі. Сөйтіп, 1921 жылғы «Қара айғыр» өлеңінде дүбірі жерді жарған жануар, алып қара тұлпар, жүйрік қара айғыр тұлғасында сипаттаған отарбаға ақын кең, мол мазмұн беріп, оны жаңа идеялық-көркемдік дәрежеге көтереді.

Советстан – экспресс айдынды,
Сансыз жауың алыстан-ақ айбынды.

Советстан – біздің стан Советстан
Экспресс талма екпінді шабыстан

Гүле жүріп,
Үні құрып,
Қалсын ұлып

Ескі жалған арттан қалмай шабысқан.
Айда, отарба, күш аямай айдап бақ
Дөңгелегің зырылдасын тақ-тақ-тақ.
Жанған жарық
Шамға қарық
Болсын халық
Электр шам, тынбай айда! Жол ұзақ.

Кондуктор
Қарап тұр!
Жол ұзақ.
Айдап бақ!
Уклон бар.
Терең жар,
Сақ бол, сақ!
Тақ-тақ-тақ!
Айдап бақ
Рудзутак!
Трат-тат-тат!

Социалистік өмірдің дамуын суреттеуде ақынның көркемдік ізденуінің келіп экспресс-отарбаға аялдауы кездейсоқ емес еді. Бұл – сол кезде елімізді индустрияландырудың өмірлігін, келешегін, халқымыздың оны мақұлдай қолдап, қарқындай іске асыруын алғыр көреген көңіл көзбен көрудің, көп тынысын үлкен ақындық жүреппен сезінудің, көркемдік ойлау тағдырын құмарта сүюдің нәтижесінде туған әдебиетімізде тың бейне, жаңа образ. Ақынның образ, бейне табудағы осы жаңалығының мазмұны

оның поэзияда көріну түріне де – өлеңнің шумақтары мен ұйқастарына, буын өлшемдері мен ырғағына, логикалық екпіні мен интонациясына әсер еткен. Өлеңді оқып отырғанда жүйрік поездың ырғағын, қарқынын, ритмін, екпінін сезінгендей әсер аласың. Оның шапшаң, тез біркелкі қимылына, жүрісіне, екпініне қарай мағынасы жақын, дыбыстары ұқсас, айтылуы ұйқас шағын буынды, қаратпа, қос сөздер, ассонанс пен аллитерация молынан қолданылып, өлеңде үнділік, көтеріңкі леп, қарқынды тыныс, жанды қимыл пайда болады. Поэмада алты жолды шумақ, оның бірінші, екінші, алтыншы жолдарының, үшінші, төртінші, бесінші жолдарының өзі ішінара тағы ұйқасып келетін он-он бір, төрт-бес буын өлшемдері алмаса бірден қолданылатын сирек өлең үлгілер де бар.

Ақынның поэзияға енгізген бұл сияқты жаңалықтары кейінгі шығармаларында дамып, өрістеп, қалыптаса түсті.

Қатар-қатар ұршықтары тоқтаусыз зырылдап, тұмсықтары бұлтылдап, жымпылдап адам ісін істеп тұрған тоқу машиналарының думан-дүкен күйін тамашалап ақын «Тоқу фабригінде» атты өте бір сәтті өлеңін шығарды. Тоқу фабригіндегі қызу еңбек процесіне, ондағы сан алуан машиналардың жүріс тездігіне, ырғақты ызыңы мен екпініне, тоқымашылардың ширақ та дәл іс-қимылына бейімдеп Сәкен Сейфуллин мынадай жаңа жыр үлгісін туғызады:

Бу машина,
Құрыш шойын.
Қыздырады,
Думан тойын.
Бу қайнатад
Салып ойын.
Биік-биік,
Қара мойын.
Көкке тіп-тік,
Созған бойын.

Түтін көкке,
Ұшады өктеп,

Будақ-будақ.
Түйіле,
Машина дүріс,
Ыңқылдайды.
Ыңқыл емес,
Сыңқылдайды.
Сөйлеп ың-шың.

Жымпылдайды.
Мың қызық тіл,
Мыңқылдайды.
Темір түйін,
Бұлтылдайды.

Фабриктің,
Көзім тіктім,
Думан-үлкен үйіне.

Отызыншы жылдардың бас кезінде Сейфуллин жұмысшы табын кең көлемде жырлауға, оның әрбір тарихи кезеңдердегі ерлік істерін көркемдік түйіндеуге бет бұрды.

«Ұлы майданда жұмыскер табына» өлеңінде революция жылдарының қиын күрес күндеріндегі жұмысшылардың қайтпас қажырлығы, асқан төзімділігі, ынтымақ-бірлігі, жауға рахымсыздығы, жоғары саналылығы жыр етіледі. Осы қасиеттер «Октябрьдің жас солдатына» өмірлік әсерлер қалдырғанын, ықпал еткенін орынды мақтан етеді. Енді жау ордасын сөзбен көздеп атуға кіріскенде де күрескер жалынды ақын өзін жұмысшылармен әрдайым бірге сезінеді, солардың жыршысы болуды мақсат етеді, оларды қате басса, түзейтін қамқор-тірегі, «сөзін – ем, сезімін – «дамығыш ну кен» көреді. Жұмысшы сезімін кенге балаудың өзі ақындық ізденудің жаңа лептерін байқатады.

Ақынның «Польша жұмыскер табының уәкілдеріне» атты өлеңі саяси өткірлігімен, интернационалдық идеялық күшімен айырықша ерекшеленеді. Мұнда жер жүзі империалистерінің бірігіп социализм еліне қаһар төккені айтыла келіп, егер олар енді жұмысшы тап Отанымен шайқасқа шықса капитал тамыры-

на ақырғы рет балта шабылып құртылады, «бұл болашақ сертті майдан ақырғы» деген көреген терең ой паш етіледі.

Ақын бұдан әрі империализмге қарсы өршіген жұмысшы қозғалысы мен ұлт-азаттық қозғалысы еліміз тарапынан үнемі туысқандық бірлік, көмек, тірек табатынын, үлкен қоғамдық күш екенін поэзия тілімен жеткізеді. Бостандығы, азаттығы үшін күреске шықпақ поляк бауырластарына:

Жұмысшы тап
 Өкілдері Польшаның!
Ер көңілді
 Ешбір күдік шалмасын.
Қиындықпен,
 Сансыз жаумен алыссақ.
Білдіремін
 Біздің білек талмасын ...–

деп совет жұмысшысы табы атынан бірлік, ынтымақ, туысқандық, интернационалдық сезімін білдіреді. Қас дұшпан – «капиталдың домалатпай қан басын, күл-күл қылмай жанбасын» тынбайтын Октябрь солдатаның айбынды антын, қаһарлы күшін шетел бауырластарына үлгі, тірек етеді.

Осы өлеңдегі Совет елінің, оның айбынды жұмысшы табының дүниежүзіндегі езілген халықтарды азат етудегі рөлі туралы озық идея «Социалистан» поэмасында да түйінделген.

Алдында күшті ұстазы – партия бастаған совет жұмысшы табы өз елінде Социалистан құрып, енді барша әлемнің осы жолға түсуіне жәрдемдесуге дайын екендігі айтылады.

Бүт балғасы
 Ойнап қолда
 От шашады,
 Оңға, солға
 Барша әлемді
 Түзу жолға
 Жұмыскер тап бұрады.

«Социалистанда» ақын жұмысшы табын тұтас алады да, оның революциялық күрес, социалистік құрылыс бесжылдықтар

кезіндегі «қайнап тасқан» күш-жігерін, өрттей лаулаған екпінін, жанарған қарым-қатынасын, өзгерген сана-сезімін саралай дәріптеп ерекше бір эпикалық жыр үлгілерін туғызады.

Атақты «Альбатрос» поэмасында Октябрь революциясы мен социалистік құрылыс майданындағы зор жеңістер ұлы Лениннің есімімен байланыстырылады. Елімізді индустрияландыру жоспарын құрып тұрған кездегі Лениннің данышпандық тұлғасын ақын нақты суреттеуге тырысады.

Сонымен, қазақ совет поэзиясында өндіріс тақырыбын алғашқы рет көтеріп, дұрыс көркемдік шешім тапқан ақынымыз – Сәкен Сейфуллин. Оны ақын 20 жылдардың бас кезінен-ақ қолға алып, отызыншы жылдардың ортасына дейінгі творчествосына негізгі шешуші тақырыптардың бірі етті. Осы жылдардағы әлеуметтік, қоғамдық ірі оқиғаларға, өмір өзгерістеріне байланысты алынып жырланып отырған өндіріс тақырыбы ақынның дүние тануы, көзқарасы тереңдеген, өскен сайын, шеберлігі шындалған сайын кемелдене түсті.

Әдебиетімізге революцияшыл поэзияның жалынды туын көтере келген Сәкен Сейфуллин қазақ өміріне ене бастаған өндіріс жаңалықтарының да революциялық мазмұнын, социалистік сипатын қалың жұртшылыққа кеңінен ашып, жариялай түсіндірді. Сейфуллин поэзиясында қажырлы революционер образына жалғаса жаңа лирикалық герой – жасампаз жұмысшы бейнесі тиісті орын алды. Кеше өң жоқ, түс жоқ арыған жұмысшылардың бүгінгі азат өмірін, шаттық сезімін, тасқын судай қайратын, жасампаздық күш-қасиетін ардақтап, мадақтап ақын асқақты көтеріңкі лепке толы романтикалық та нақты картиналы реалистік лирикалар жасады.

Әдебиетімізде өндіріс тақырыбының туып-қалыптасуына, ақындарымыздың оны кейін жемісті меңгеруіне Сейфуллин шығармалары белгілі дәрежеде әсер етпей қоймады. Әсіресе ақынның қазақ еліне енген индустриялық-техникалық жаңалықтардың революциялық мазмұны мен саяси мәнін аша жырлауы, жұмысшы еңбегінің өмір жаңартудағы қасиетін баса суреттеуі, совет жұмысшы табының қоғамдық, халықаралық күш екенін мадақтауы жас ақындардың көңіл аударуына, үйренуіне тұрарлық сипаттар еді. Өндіріс өмірінің ерекшелігіне, екпін күйіне лайықты

ақынның жаңа көркемдік құралдар, жаңа өлең формаларын, шеберлік жолдарын үнемі ізденуі әрқашан сәтті шыға бермегенмен едәуір жемісті болды.

Алайда Сейфуллиннің өлең-поэмаларында индустрияландыру жоспарын іске асыру процесінде кездескен қиындықтар, күрделі жайлар, дәл 20-30 жылдарға тән әлеуметтік-қоғамдық қайшылықтар, тартыс табиғаттары нағыз көркемдік реалистік мол сәулесін таппады. Өзі табиғатында сұлу өмірге соншалықты құмар ақынды өндіріс дамуының тек сәулелі жағы молырақ баурап шабыттандырған да көлеңке жағы қалыс қалып отырған.

Сейфуллиннің поэзияда жұмысшы табын суреттеу тәжірибесі кейінірек проза саласында көлемді шығарма жазуына негіз болды. Жазушының «Жер қазғандары» (1927) – Қазақстан жұмысшы табының туу, өсу жолын кеңінен шынайы суреттеген прозамыздағы алғашқы көркем туынды.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ «ЕСКЕНДІР» ПОЭМАСЫ

Бүкіл дүниежүзі халықтарының бірсыпырасы өз өмір тарихына, сана-сезімдеріне, мақсат-мұраттарына, қажет-мұқтаждарына, тілек-талаптарына сәйкестендіре әңгіме еткен ертедегі грек қолбасшысы Александр Македонский (қазіргі заманға дейінгі 356-323 ж.) туралы ғасырлар бойы жазылған әдеби шығармалар белгілі бір өзіндік дәстүр қалыптағаны белгілі.

Халықаралық әдеби кейіпкерге айналған Александр Македонский Шығыста алғашында Ескендір Зұлқарна-йын (Қос мүйізді), кейін Ескендір аталып, қыруар шығармаларға негіз болды да, өзіндік сипаттары мен ерекшеліктері мол шығыс «александриясын» жасады. Бұл тақырыпқа қазақ әдебиетінде де фольклорлық және жазба туындылар бар. Абай Құнанбаевтың «Ескендір» поэмасы әдебиеттану ғылымында байсалды зерттеліп, дәлелді тұжырымдар айтылған. Алайда бұл поэманы тақырыптас кейбір туындылармен қатарлас салыстыра, байланыстыра зерттеу, «александрияға» қазақ ақыны қандай өзіндік үлес, тың түсінік, жаңа шешім қосып, дәстүр байытқанын анықтау – Абай асқан биіктің тағы бір қырын аша түсер еді. Әдетте бұл поэмада кездесетін шығыс классикасына кейбір ұқсастықтар, ондағы кейіпкер мінездемелері және ақын творчествосындағы орны мен маңызы баса айтылады да, «Ескендірдің» осы тақырып даму тарихына, Шығыс әдеби дәстүріне жаңа леп әкелгені, сондықтан да оның «александрия» әлемінде жоғары баға, тиісті орын алуына әбден жарарлық мүмкіндіктері солғын көрсетіліп жүр.

Әр халықтар әдебиетіндегі Александр Македонскийдің бейнесін көп зерттеген атақты ғалым Е.Э.Бертельс Шығыста қалыптасқан дәстүр туралы былай деген еді: «Шығыс халықтарына Александр жорықтарының шын мәні беймәлім болды. Александр грек республикасын талқандап, азаматтарын бағыныштыларға айналдырғаны, біршама еркінділіктің орнына өктемдік орна-

туы, оның жорықтары Шығыс елдерін ойрандап, мәдениет қазыналарын орасан жойғанына олар мән бере қоймады. Мұндай әрекеттер Шығыс тиранына әдет-ті. Сондықтан да нағыз Александр тез ұмытылып, аңыздар мен әңгіме-ертек тұманында ғайып болды. Александрды идеал – басқарушы етіп суреттеу дәстүрі қалыптасты. Ол туралы нақты деректердің жоқтығы, кейіпкердің бойына автор қандай қасиеттерді қаласа, соны аялатты. Бұл апарып басқарушыға үйрету, ақыл айту – «зерцало» тақырыбы топтасқан ерекше бір шығармалар тегінің тууына әкеп соқты да, «александрия» фабуласына, түйініне өз кезіндегі ғылым салаларының бәрінен әр түрлі деректерді енгізу әрекетіне әкелді. «Александрия» әлеуметтік жағдайына лайық басқарушы адам, меңгеруге тиіс білімдерді қызықтық түрде хабарлайтын өзіндік бір энциклопедияға айналды. Сөйтіп, Александр туралы шығыстың шығармалары біз үшін аса зор маңыз алады. Бұл тек көркем шығармалар ғана емес, сол шығармалар туған дәуірдің саяси даналығының жиынтығы». Бұл дәстүр, негізінде, Фирдоусидің (934-1020) аса ірі поэмасы «Шахна-мэның» Искендер бөлімінде, Низамидің (1141-1203) «Искандер-намэ», Хосроудың (1253-1325) «Искандердің зерцалосы» мен Жамидің (1414-1492) «Искандер даналығының кітабы» және Навоидің (1441-1501) дидактикалық-философиялық дастаны «Садди Искандерий» («Ескендірдің қорғаны») шығармаларында дамығаны, оларда Ескендір кастерлене, көтермелене жырланғаны, ал бұл шығыс классиктерін Абайдың жақсы білгені белгілі. Шығыс ақындары дәстүрлі жыр еткен тақырыпқа Абай да шығарма жазуы, сюжет құрамында Низамидің «Ескендір-намэ» дастанының бірер көріністеріне аз да болса ұқсас баяндау келтіруі, шығарманы дидактикалық адамгершілік, гуманистік ойлармен аяқтауы – Абай «Ескендірінің» шығыс классикасымен байланысы, міне, осы белгілер төңірегінде болып келеді де, ал поэманың тақырып шешілімі, мазмұны, кейіпкер суреттеулері мен одан шығатын қорытындылары Шығыс шығармаларынан әлдеқайда өзгеше.

Еналдымен көзгетүсетін өзгешелік – ол қазақ ақыны Ескендірді тарихқа, шын өмірі мен әрекеттеріне жақындата суреттеуі. Тарихта болған адамның көркемдік бейнесін суреттеуде тарихи шындық негізін сақтау деген Шығыс «александриясының» тән

емес екенін Бертельс жоғарыда келтірілген сөздерінде анық айтқан. Ескендір бойынан көп елдердің қастерлеу, көтермелеу жамылғысын Абай бейне бір сыпырып, оның шын бейнесін елестететін деректерді поэмасына негіз етеді. Ескендір туралы тек шығыс елдері шығармаларымен шектеліп қалмай, ақын өзіндік зерттеу, ізденулер жүргізген. Сондықтан да бұл поэмада ақын мұрасына тән өз халқының шығыс және орыс, сол арқылы батыс еуропа мәдениеттерінің табиғи ұштасу белгілері айқын көрінеді. Абайға дейінгі шығармаларда Ескендірдің өмірге келуінің өзін әр автор өз қалауынша өзгертті. Мысалы, I–III ғасырлардағы белгілі «Псевдо-Каллисфен» романы оны Египет адамы Нектанебтің баласы, Фирдоуси Иран шахының ұрпағы ретінде баяндаса, ал патшалық етуінің өзін әр ақын әр елге патша етіп суреттесе, Абай дәл тарихтағыдай Македония патшасы Филипп өлгеннен кейін оның баласы Ескендір 20-21 жасында таққа отырғанын, даңққұмар, мақтан сүйгіш жас патша ең әуелі маңайдағы елдерді бағындырып, одан соң әлемге билік етуді көздеп, есепсіз әскерлермен жорықтар жүргізгенін, жорықтар қиыншылықтарын, оның тәрбиешісі Аристотельдің даналығын әңгімелейді.

Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады.
Қанішер қаһарлы хан ашуы көп.
Атағынан қорқады жұрт қайғы жеп.
Сол күнде қошеметші айтады екен,
Ханның – ханы, патшаның – патшасы деп, –

деген сипаттамалар шығыс шығармаларында жиі кездесе бермейтіндігін айтпағанның өзінде, осы мінездемелердің өзі де белгілі бір тарихи шындыққа едәуір сәйкес келеді. Грек қолбасшысының жанындағы адамдар жазып қалдырған күнделіктерде де, сәл кейінірек атақты Плутарх, Арриан, Диодор сияқты тарихшылар еңбектерінде де көп жағымды қасиеттерімен қатар Александр Македонскийдің қаһарлы, қатал қанішер, мейірімсіз болғаны туралы талай деректер келтірілген.

Ескендір жорықтары шығыс шығармаларында әңгімелене қалса, көбіне бірыңғай жеңісті де қастерлі құптау бағытында жырланатынды. Мұнда да Абай өз өзгешелігін, өз қалып, мәнерін сақтайды. Поэмада жорықтардың тек қиыншылық, кедергілік жақтарын көрсетуге кейіпкерінің мінез-құлық дүниесін аша түсуге, грек оқымыстысы дана Аристотельді қастерлеуге, құрметтеуге шебер пайдаланады.

Абай поэмасында әңгімеленетін «жүре-жүре бір елсіз шөлге» түсу, сар далада су таба алмай сандалу, шөлге шыдай алмай қызметкерлерін өлтірмекші болу, өлген атының жалын құшып зарығу жайы Ескендір өмірі мен жорығы кездерінің тағы бір сыр-сипатын елестете кетеді. Александр Македонский жорықтарының ішінде Орта Азияны өзіне қарату кезі (қазіргі заманнан бұрын 330-327 жж.) туралы грек тарихшылары жазбаларын, мұқият зерттеген ғалымдарымыз: «Көне жазу материалдары Яксарт (Сырдария) үшін жорықтың өте ауыр болғанын; әскерлердің ыстық пен шөлден азап шегіп, Александрдың өзі қатты ауырғанын әңгімелейді», – деп жазады. Өз дастанына бұл бөлімді енгізуде де Абай белгілі бір деректерге сүйенуі әбден ықтимал. Бұл тарихи деректерді Абай мына жазбалардан білді, соларды негіз етті деп дәл айту қиын, алайда өз шығармасын қазақ ақыны Александр Македонский туралы зерттеулер негізінде жазғаны анық.

Абай поэмасындағы баяндауда Ескендір және оның әскерлері зарыққан кезде табылатын «сылдыр қаққан мөлдір бұлақ, таспадай бейне арықтан шыққан құлап суы өзгеше тәтті тым-ақ» деп келетін бөлімде де ақын Ескендір жайындағы шығыс шығармаларында жиі кездесетін қасиетті су, адамға мәңгі тірлік беретін киелі, шипалы су іздеу хикаяларынан мүлде басқаша, реалистік мәнерде баяндап, кейіпкерінің негізгі белгілерінің бірі – жауынгершілік, көзтоймастық, қанағатсыздығын аша түсуге бейімдейді. Әлгінде ғана көрген зарығу, азап шегу, қиналуын қолбасшысы су ішіп, көңілі жай болысымен-ақ лезде ұмытып, «бір бай елден осы су шыққан шығар, өрлеп барып үстіне тігелік ту» дейді де, «көкбеңбек темір киген өңкей батырын», қолын ертіп, сырнай-кернейлетіп жөнеледі. Ескендір жайындағы көп оқиғалардың ішінен жорықтардың аяқталу кезеңіне Абайдың көңіл бөлуі және шөл дала азаптарынан